

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 165 (9227) | 1953 жылғы 18 август Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Партия мен үкметтің қамқорлығына іспен жауап берейік

Бүкіл совет халқымен бірге облысымыздың еңбекшілері де ССР Одағы Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларын және ССР Одағы Министрлер Советінің Председатели Г. М. Маленков жолдастың сөзін зор өрлеу үстінде, қанағаттанғандықпен қарсы алды. Мұның өзі совет халқының құрыштай берік бірлігін, оның туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып отырғандығын және Коммунистік партияға, Совет Үкметіне деген шексіз сүйіспеншілігін сыйпаттайды.

ССР Одағы Жоғарғы Советі сессиясының қарарлары мен Совет Үкметінің башысы Г. М. Маленков жолдастың сөзінде партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің советтік социалистік мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаты саласында көздеген мақсаты, алға қойған міндеттері барлық жағынан толық көрсетілді. Бұл мақсат пен міндет—бейбіт еңбек арқылы халық шаруашылығын онан сайын дамыта беру, халқымыздың мәдени және тұрмыс дәрежесін арттыра беру, сөйтіп, гүлденген, бақытты, шат тұрмысымызды жақсарту.

Жоғарғы Советтің сессиясында қабылданған 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджет туралы Заң халық шаруашылығын өркендету беруді, бесінші бесжылдықтың үшінші жылының тапсырмаларын мінсіз жүзеге асыруды, елімізде коммунистік қоғам орнату күресінде жаңа зор табыстарға жетуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ ауылшаруашылық салығы туралы Заң партия мен үкметіміздің совет адамдарына деген аса зор қамқорлығын көрсетеді. Мұны бүкіл еліміздің халқымен бірге облысымыздың еңбекшілері де жақсы түсінеді.

ССР Одағы Жоғарғы Советінің сессиясы қабылдаған документтерде көрсетілгендей және Г. М. Маленков жолдастың сөзінде айтылғандай, совет адамдарының алдында тұрған міндет—өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын тиімдетіп, советтік сау-

тарға жетуде. Сессия материалдарын талқылауға арналған жыйналыста осы фабрикадағы еңбек озаты В. Ермолин жолдас былай деді: біз совет халқы бақытты, қызықты өмірдің құшағындамыз. Біздің желісіміз зор. Өйткені, біздің елімізді Коммунистік партия басқарып отыр. Ол партия—халық халықтық партия, тек халық үшін ғана қызмет етеді, халықтың мүддесін көздейді. Сондықтан Коммунистік партия мен халықтың мүддесі біртұтас мүдде болып саналады. Ол—елімізде коммунизм орнату.

Бұл күндері колхоздар мен МТС-терде және совхоздарда да сессия материалдарын оқып үйрену, бұл жөнінде колхозшылар мен механикаторлар арасында әңгіме өткізу жүріп жатыр. Сессия материалдарын үйренуге арналған бір әңгімеде Ворошилов атындағы колхоздағы (Преснов ауданы) комбайншы Савинков жолдас сөз сөйлеп, барлық колхозшылар мен МТС механикаторларының партия мен үкметімізге деген сүйіспеншілігін, зор сенімін білдірді. ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті, деді ол, халық игілігіне жұмсалып, бейбітшілік ісін онан әрі нығайта береді. Мен бұл қамқорлыққа қажырлы еңбегіммен жауап беремін.

Савинков жолдас өзінің алған міндеттерін ойдағыдай орындап келеді. Ол соңғы бір үш күнде «Сталинец—6» қос комбайнмен 105 гектар алаңның егінін орып, 1350 центнер астық бастырды. Міне, мұның барлығы совет адамдарының өз Отанына деген сүйіспеншілігін, өзінің Коммунистік партиясына деген зор сенімін көрсетеді.

Жергілікті партия, совет ұйымдары еңбекшілердің бұл патриоттық бастамасын, олардың саяси белсенділігі мен өндірістік жігерін үнемі қолдап, оны өрістете беруді керек. Партия, совет ұйымдарының көзірті кезек күттірмейтін міндеттері—кәсіпорындарында, ауыл шаруашылығында,

Егін жыйнау қарқынын күшейте түсейік

Облыс колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы туралы

ОСЫ ЖЫЛҒЫ 15 АВГУСТАҒЫ МӘЛІМЕТ

(жоспардың орындалу проценти)

Аудандар	Жыйналған күздік және жаздық дақылдар	Жыйналған тұқымдық шөп	Мемлекетке тапсырылған астық
Петропавл	24,2	60,0	17,2
Соколов	19,5	18,9	3,4
Приешім	15,8	47,9	6,0
Ленин	14,3	59,6	3,2
Преснов	14,3	50,3	5,7
Конихов	12,7	50,9	4,0
Мамлют	12,5	61,2	4,0
Полудень	12,3	59,0	2,4
Октябрь	11,5	55,6	3,6
Совет	10,2	49,9	3,3
Булаев	6,1	46,9	0,9

Совхоздар бойынша 16,4 80,5 6,2


Іспен жауап беруде

Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозының колхозшылары ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен жігерлене отырып, егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымшылдықпен жүргізуде. Колхоздың бітік өскен егіннің жыйнау Ново-георгиевск МТС-нің комбайншылары қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

Комбайншылар Тиханов, Чечило, Володин жолдастар әрбір «Сталинец—6» комбайнмен күн сайын 12 гектар орнына, 20 гектар егін жыйнауға серт бергенді. Олар алған міндеттемелерін аброймен жүзеге асыруда. Комбайншы Чечило жолдас тәулігіне 24 гектар егін жыйнап, 280 центнер астық бастырады. Сөйтіп, ол комбайншылардың өзара социалистік жа-

Міндет — бесінші бесжылдықтың үшінші жылының тапсырмаларын аброймен орындап, партия мен үкметіміздің қамқорлығына іспен жауап беру.

Қыялы астық совхозының комбайншысы О. Брадельмагер күнделікті тапсырманы әрқашан біржарым еседен орындап жүр.



Қыялы астық совхозының комбайншысы О. Брадельмагер күнделікті тапсырманы әрқашан біржарым еседен орындап жүр. Суретте: Өздігінен жүретін комбайннан автомашинаға астық тиеу. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Кейбір кемшіліктер туралы

Быйыл Октябрь ауданының колхоздарында егіннің шығымы жақсы. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, колхоз басшылары бітік егінді кезінде ысырансыз жыйнауға барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыра білуге тиіс еді. Алайда, егін жыйнаудың алғашқы күндерінің қорытындысы істің бұған керісінше болып отырғанын көрсетеді. Бұған мысал келтірейік.

«Балуан» колхозында егін жыйнау ұйымшылдықпен бастауға күш-мүмкіншіліктің барлығы да бар еді. Бірақ, колхоз басшылары осы күш-мүмкіншіліктердің толық пайдаланылуын ұйымдастыра алмады. Осының салдарынан егін жыйнау жұмыстарының алғашқы күндерінде-ақ елеулі кемшіліктерге жол берілді. Ең ал-

Бұл колхозда әсіресе комбайн агрегаттары қамту тиісті дәрежеде емес. Колхоз басшылары комбайндардан астық қабылдауды, комбайн агрегаттарын сумен, жанар, жағар майымен қамтамасыз етуді дұрыс ұйымдастырмаған. Осының салдарынан комбайндардың жұмыс өнімділігі едәуір кеміп отыр.

Колхозда астық қабылдайтын орындар күні бұрын әзірленбеген. Комбайндардан астық өлшенбей қабылданады. Бақтырылған астықты қабылдау ойдағыдай ұйымдастырылмағандықтан колхозда мемлекетке астық тапсырудың күндік, бескүндік графикалары орындалмай жүр.

Аудандық астық дайындау пунктінің жұмысында да кемшіліктер жоқ емес. Бұл үшін машинаға техникалық күтімді кәзіргіден де жақсартып, оның жұмыс

Ақтөбеліктердің үндеуіне жауап

1500 гектар жердің пішенін шабамын

Ақтөбеліктердің үстемізді жылы қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің берік қорын жасау жөніндегі шайқасын қостай отырып, мен өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасымен 1500 гектар жердің пішенін шабуға міндеттенген едім. Бұл міндеттемені жүзеге асыру үшін машинаның қуатын толық пайдаланудың жолдарын іздестірдім. Машинаның тоқтаусыз жұмысқа қосылуының тетігі—оның әрқашан жоғары техникалық күтімде болуы деп білемін. Мен машинаға күн сайын белгіленген уақытта техникалық күтім жасап отырамын. Смена аяқталысымен машинаға толық техникалық бақылау жасаймын. Босаған, тозуға айналған, сынған бөлшектері болса, дереу түзелдім.

Техникалық бақылау жүргізгенде машинаның шөп оратын негізгі бөлшектерінің жұмыс істеуіне жете назар аударамын. Мұндай бөлшектерге жұмыс үстінде мезгіл-мезгіл байқау жасап отырамын. Шөптің дұрыс шабылуы орақтың өткірлігіне, оның еркін жылжып, жұмыс істеуіне байланысты. Машинаның орақтары күн сайын жақсы қайралады және әлсіз әлсіз ауыстырылып отырылады. Орақтың дұрыс жұмыс істеуінің тағы бір шарты бар. Ол—қазауыздардың тұзу болуы және олардың дұрыс орнатылуы болып табылады. Мен бұған әрқашан жете көңіл бөліп, қазауыздардың дұрыс орнатылуын қамтамасыз етемін.

Техникалық күтімді дұрыс жасау нәтижесінде науқан басталғалы менің машинама тоқтаусыз жұмыс істеп келеді. Мен күн сайын 40 — 42 гектар жердің шөбін шабамын. Кәзіргі өзінде 1350 гектар пішен шаптым. Қол жеткен табыққа мақаттану бізге жат нәрсе. Менің мақсатым—маусымдық тапсырманы артығымен орындап, жоспардан тыс шөп шабу. Бұл үшін машинаға техникалық күтімді кәзіргіден де жақсартып, оның жұмыс

даны мықтап өркендету, бұл жөнінде еу- йікті Отанымыздың тілегіне сай жұмыс істеу болып саналады. Сонымен бірге арта- та қалған шаруашылықтарды алдыңғы қатарлыларға теңеп, шаруашылықтың барлық саласында жаппай өрлеу туғызу болып табылады.

Облысымыздың көсіп-орындарында, ауыл шаруашылығында, транспорт орындарында және басқа да шаруашылық орында- рында партия мен үкіметіміздің алға қой- ган бұл міндеттерін мінсіз жүзеге асыру жолындағы күрес күннен күнге кең өріс алып келеді. Шағын двигательдер жасау заводы мен шойын құю-таразы заводында, нан комбинаты мен «Бірінші май» кәсіп- шілік артельде, алдыңғы қатарлы колхоз- дар мен совхоздарда және МТС-терде пар- тия мен үкіметіміздің қамқорлығына іспен жауап беру жолындағы саяси белсенділік пен өндірістік жігер, патриоттық бастама қыза түсуде. Жұмысшылардың, колхозшы- лардың, механизматорлардың арасында сме- налық тапсырмаларын артығымен орын- даушы оттардың қатары үздіксіз көбе- йіп келеді.

Шойын құю-таразы заводы жұмысшы- лары мен қызметшілерінің ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қарарларын және Г. М. Маленков жолдастың сөзін үйренуге арналған жыйналыста № 1 және № 2 цехтардың коллективтері партия мен үкіметімізге өздерінің шексіз «үйіспенші- лігін және зор-ағызын айта келіп, айлық тапсырмаларын біржарым есе орындау жөнінде көтеріңкі міндеттеме алды. Көзір бұл цехтардың коллективтері өздерінің міндеттемелерін аброймен орындауда. Екі цехта да сессия өткеннен бері күнделік тапсырма біржарым-екі есе орындалып келеді.

«Комсомолка» тігін фабрикасының кол- лективі социалистік жарысты өрістете отырып, өндірістік жұмыста жаңа табыс-

РСФСР Жоғарғы Советін шақыру туралы

РСФСР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етті:

Россия Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Со- ветінің үшінші сессиясы 1953 жылғы 25 августа Москва қаласында шақырыл- ын.

РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели

М. ТАРАСОВ.

РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

И. ЗИМИН.

Москва, 15 август, 1953 жыл.

ССРО-ның еңбек сіңірген спорт мастерлерінің жаңа тобы

ССРО Денсаулық сақтау министрлі- гінің физкультура және спорт жөніндегі жоғары басқармасы соңғы кезде аса көрнекті нәтижелерге жеткен спортшы- ларға ССРО-ның еңбек сіңірген спорт мастері атағын берді.

Спорттық құрметті атақты алғандар: өйделердің шахмат жөнінде дунне жүзі- нің чемпионы болған, халықаралық мас- тер Людмила Руденко (Ленинград), ака- демиялық ескек жарысы жөнінде ССРО-ның чемпионы атағын 5 рет ал- ған Анна Чебыкина (Москва), ағыс жө- нінде еліміздің чемпионы Петр Авилор

(Москва), шаңғы спортынан ССРО-ның чемпион атағын талай рет алған Ана- толий Борин (Свердловск), ДОСААФ- тың парашют спорты жөніндегі үздік чемпионы Евгений Науменко (Киев), ол парашютпен 500-ден аса рет секірген.

Еңбек сіңірген спорт мастерлерінің жаңа тобының ішінде Москва хоккейші- лері Евгений Бабич, Виктор Шувалов және Павел Жибуртович бар.

Көзір елімізде 800-ден аса еңбек сі- ңірген спорт мастерлері бар.

(СОТА).

рысында алдыңғы қатарда келеді. Ком- байншы Тиханов жолдас та өзінң ком- байншы егін жыйнауға өнімді пайдаланып жүрөндердің бірі. Ол тәулігіне тіркесеуегі бір комбайнмен 22 гектарға дейін егін жыйнайды. Бұдан комбайншы Володин жолдас та қалысатын емес. Володин жол- дас сменалық жұмыс тапсырмасын 159 процент орындап, айтарлықтай табыстар- ға жетіп жүр.

Аталған комбайншылар егіннің сапалы жыйналуына жете көңіл бөледі. Техника- лық күтімнің күнбе-күн тыңғылықты жүргізілуі нәтижесінде олардың комбайн- дары егін жыйнау маусымы басталғалы тоқтаусыз жұмыс істеп келеді.

Колхозшылар бастырылған астықты та- зартып, кештіруде және оны дайындау пункттеріне жөнелтуде аяқбай еңбек етіп жүр.

В. БОДРОВ.

Егін жыйнауға күш-мүмкіншіліктер толық пайдаланылсын

Майбалық МТС-і егін орағы алдында комбайндарды түгелдей колхоздарға жө- нелтті. Ал, комбайндардың барлығы бір- дей егін жыйнауға жақсы әзірленген бе- эді? Жоқ. Колхоздарға жөнелтілген ком- байндардың бірсыпырасы егін жыйнауға толық әзір етілмеген болатын. Майбалық МТС-нің басшылары (директоры Вальд жолдас) көзбояушылыққа салынып, егін орағына әлі әзірленіп болмаған комбайн- дарды колхоздарға жөнелте салды. Мұндай комбайндар колхоздарға барысымен жұ- мысқа қосуға жарамды. Бұған мысал келтірейік.

Амзыевді атындағы колхозға комбайн- дар мезгілінде-ақ жеткізілді. Бұл ком- байндардың біразы жөнделіп бітпеген еді. Балтабаев жолдас жұмыс істейтін ком- байн дәл осындай күйде болатын. МТС директоры Вальд жолдас оған комбайн- ның қалған бөлшектерін колхозда, егін басында жөндеп алуды бұйырды. Комбайн- шы комбайнды дала жағдайында жөндеуге тіпті болмайтынын айтты. Бірақ, дирек- тор оның бұл талабына ешбір мән бер- мей, комбайнды тез колхоз орталығына жеткізу керек деді. Комбайншы шала жөнделген комбайнмен колхозға егін жый- науға барды. Көп кешікпей комбайн жұ- мысқа да қосылды. Алғашқы күннен-ақ бұл комбайнмен мардымды жұмыс істемеді. Егін орағына толық әзірленбеген ком- байн жұмыс үстінде әлсіз- әлсіз сынып, тоқтай берді. Оны тез жөндеп, жұмысқа қосу үшін МТС-тен ешқандай көмек бол- ған жоқ. Сонымен 5 күн ішінде бұл ком- байнмен небәрі 10 гектар алаңның егіні жыйналды. Комбайнға осы күнге дейін сабан шөмелелігі орнатылмаған. Бұл егіннің сапасыз жыйналуына әкеліп со- гуда.

Сол сыяқты, осы колхоздың № 3 бригадасында «Сталинец—6» комбайны- мен Әубәкіров жолдас жұмыс істейді.

Әбімен, колхоз бастырылған астықты қа- былдауға әзір болмады. Астық қырманда- ры дайындалмады. Комбайндардың бунке- рінен қабылданған астық далаға төгілді. Астықты тазалау ісі де ойдағыдай ұйым- дастырылмады. Оның үстіне комбайндар- дан астық әлшенбей қабылданады.

Жамбыл атындағы колхозда да егін жыйнау мен астық дайындауда елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Мұнда астық ысырабына қарсы күрес нашар. Семиполка МТС-нің өздігінен жүретін екі комбайны осы колхозда жұмыс істеп жүр. Бірақ, бұл комбайндармен егін жыйна- ғанда ажал қалады және комбайндардың астық бастыратын бөлшектері тыңғылық- ты жөнделмегендіктен сабанға дән жібе- ріледі. Егін жыйнау мен астық дайын- дауға колхоз басшылары нақтылы басшы- лық жасамай келеді. Егіншілер арасында еңбек өнімділігі әлі төмен. Қолда бар күш- мүмкіншіліктер тиімді пайдаланылмайды.

тын адамдармен және лаборанттармен қам- тамасыз етілмеген. Колхоздардан келген астықты дайындау пункттері мезгілімен қабылдап алмайды. Астық әкелген авто- машинизлар мен ат- арбалар пунктте көп бөгеліп қалады. Бұл астық тапсыру жұ- мысын баяу жүргізуге әкеліп соғып отыр.

Көзіргі ең негізгі міндет— егін жый- наудың алғашқы күндерінде орын алған кемшіліктерді іс үстінде тез жою, сөйтіп, әрбір колхозда егін жыйнау мен астық дайындауды қысқа мерзімде ойдағыдай аяқтау болып саналады. Сондықтан атал- ған колхоздар мен дайындау пунктінің басшылары аталған кемшіліктерді батыл жойып, егін жыйнау мен астық дайын- даудың табысты жүргізілуіне жетісуге міндетті.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,
(Өз тілшіміз).

Оның комбайны да егін жыйнауға нашар жабықталған. Ол комбайнның да егін жыйнауынан босқа тұруы көп. Алғашқы бес күннің ішінде бұл комбайнмен бар бол- ғаны 12 гектар алаңның егіні орылды.

Егін жыйнауға комбайн қуатын пай- дану Преснов МТС-інде де нашар. Мұнда комбайндардың жөндеу сапасы өте қанағаттанғысыз. Алайда, МТС басшыла- ры (директоры Ермаков жолдас) толық жөнделіп болмаған комбайндарды егін жыйнауға қосуға ешбір қыжылатын емес. Егін орағына жеткіліксіз әзірлен- гендіктен көзір колхоздарда бірнеше ком- байндар өндіріп жұмыс істемей босқа қа- рап тұр. Комбайндарды толық қуатымен жұмысқа қосу, олардың сынғандарын қолма- қол жөндеу үшін МТС ешбір шара қолданып отыр. Көшпелі мастеркоялар әзірленіп, жұмысқа қосылмаған. Ол орман, МТС-те бірнеше комбайн осы күнге дейін жөнделмей мастеркояда тұр. Мысалы, «Сталинец—1» комбайны осы күнге дейін жөндеуден өтпеген. МТС басшылары- ның егін жыйнауға комбайн қуатын пай- далануға, мұндай маңызды науқанды ең қысқа мерзімде аяқтауға жете мән бер- мейтіні сонша, тіпті түгелдей жөнделіп болмаған комбайнды егін жыйнауға қосу- ға дейін барады. Олардың мұндағы ойы ком- байнды МТС орамынан әкеліп, қиані өздерінен басқаларға аудару. МТС басшы- лары жоғарыда айтылған «Сталин жолы» колхозында жұмыс істейтін «Сталинец—1» комбайнының комбайншысы Кәубеба- евқа машинаны колхозға апарып, егін ба- сында жөндеуді ұсынған. Комбайншы мұ- ны істеуден бас тартқаннан кейін ғана комбайн мастеркояда амалсыз қалдырыл- ған.

Егін жыйнауға күш- мүмкіншілік Жамбыл атындағы, Калинин атындағы, Жданов атындағы колхоздарда да толық пайдаланылмай келеді. Мұнда егін жый- нау мен астық дайындауда еңбек өнімді- лігі төмен. Бұларда еңбекке жарамды оң- даған адам мұндай маңызды науқанға атымен қатыстырылмай жүр. Мұның өзі колхоз басшыларының егін жыйнау мен астық дайындауды қысқа мерзімде, табыс- ты аяқтауға жеткілікті көңіл бөлмей отырғандығын көрсетеді.

Преснов ауданының басшылары егін жыйнаудың алғашқы күндеріндегі орын алған мұндай кемшіліктерді батыл жойып, бұл сыяқты маусымды науқанға күш- мүмкіншіліктердің толық және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге мін- детті.

М. ӘНІМЖАНОВ.

колхоздың қоғамдық малы үшін құнарлы жемшөптің берік қорын жасау ісіне өз үлесімді қосамын. Шөп шабуда көзір қол жеткен табыстарым бұл мақсатымның жүзеге асатынына толық айтақ.

Н. ТАНКЕВ.

Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхозда жұмыс істейтін өздігінен жүретін шөп машинасының машинисі.

Берік жемшөп қоры үшін күрес

Приешім ауданындағы «Талапкер» ауылшаруашылық артелінің мүшелері қоғамдық мал шаруашылығы үшін жем- шөптің берік қорын жасау жолында күре- сүде. Көзір колхозда 3900 гектардан ас- там жердің пішені шабылып, 20 мың центнерге жуық шөп маяға салынды.

Беңалымды шөп машинасының маши- нисі Зейнолла Ертісбаев 950 гектардан артық жердің пішенін шапты. Ол өзінң күндік тапсырмасын үнемі асыра орын- дауда. Ертісбаев жолдастың жұмысының өнімді болуына тракторшы Қазнахмет Ра- қымов жолдас та зор көмек көрсетіп отыр. Ол өз тракторын ұдайы жоғары техника- лық күтімде ұстап, оның тоқтаусыз жұ- мыс істеуіне жетісуде.

Ат шөп машинасында істеуші Сейіл Өйтөмов, Қайыртай Жәкенов, Қалқаман Таскенов, Теңдік Хамзин және басқалары күн сайын норма бойынша 5 гектар ор- нына 6-7 гектар жердің пішенін шауып жүр.

Сол сыяқты, мая салушы колхозшылар Әубәкір Смағұлов, Әшкәр Құсайынов және Кабдолла Шараметдинов жолдасар да өз- дерінің қажырлы еңбегімен көзге түсуде. Олар әр күн сайын норма бойынша 50 центнер орнына 60-70 центнер шөп май- лайды.

Р. УӘЛИЕВ.

Сөзіне ісі сай

Қыялы астық совхозының алдыңғы қа- тарлы машинистері қоғамдық мал шаруа- шылығын өркендету жолындағы соціа- листік жарысқа ұнғаса отырып, шөп ша- буда көрнекті табыстарға ие болуда. Со- лардың бірі—совхоз жұмысшыларының зор құрметіне бөленген машинист Д. Со- боловский жолдас. Ол тракторға тіркелген кеңалымды шөп машинасымен күн сайын 30 гектар, ал, кей күндері бұдан да ар- ттық жердің шөбін шауып жүр.

Машинист Д. Соболевский жолдастың сөзі мен ісінің арасында ешбір айырма жоқ. Ол үстіміздегі жылы маусымдық тапсырмасын асыра орындауға міндеттеме алса, мұны ол аброймен жүзеге асырды. Сөйтіп, Соболевский жолдас 2 мың тек- тардан астам жердің шөбін шапты.

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларымен, Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзімен жігерлене оты- рып, Соболевский жолдас көзір еңбекте жаңа зор табыстарға жету үшін аяқбай күресуде.

Ә. МҰХАМЕТОВ,

